



Жоспар:

1. Дезинфекцияға анықтама. Эпидемияға қарсы шаралар жүйесіндегі дезинфекцияның алатын орны.
2. Дезинфекцияның түрлері. Дезинфекцияның әдістері.
3. Дезинфекциялық заттарға қойылатын талаптар.
4. Инфекцияның әр түрлі топтарында дезинфекцияның алатын орны.



Дезинфекцияға анықтама. Эпидемияға қарсы шаралар жүйесіндегі дезинфекцияның алатын орны.

Эпидемиология жұқпалы аурулардың бірқатарын жоюға және төмендетуге бағытталған эпидемияға қарсы және профилактикалық шаралар жүйесін қарастырды. Көптеген эпидемияға қарсы шаралардың ішінде дезинфекция маңызды орын алды – бұл инфекция көзін залалсыздандыруды білдіреді, яғни толығымен жою немесе алып тастау. Дезинфекцияның мақсаты белгілі бір берілу факторына әсер ету арқылы қоздырғыштың берілу механизмін үзу болып табылады. Жалпы үлгіде бұл тәжірибелік дезинфекцияның мазмұнын құрайды. Дезинфекция басқа да эпидемияға қарсы және профилактикалық шаралар кешенінен жүргізілгенде тиімді болады.



Медициналық дезинфекция - адамдардың жұқпалы аурулар қоздырғыштарына, олардың әр түрлі берілу жолдарына әр түрлі дезинфекциялық құралдардың әсерін оқып біледі. Ол қоршаған ортадағы қоздырғыштарды жоюға бағытталған тиімді құралдар мен әдістерді өңдейді.



Бұрынғы кезде дезинфекцияға үш бөлім кіретін: **дезинфекцияның өзі, дезинсекция және дератизация.**

Дезинфекцияның өзі адамдарды қоршаған патогенді микроорганизмдерді жою болып анықталады. Медициналық дезинсекция – бұл адамдарға жұқпалы ауруларды жұқтыратын немесе зақым келтіретін буынаяқтылармен күресудің құралдары мен әдістері жөніндегі ілім. Ал дератизация – бұл бірқатар инфекциялық аурулардың таралуына қатысуы мүмкін және экономикалық зиян келтіретін кеміргіштермен күресу, яғни олардың санын азайту немесе жою болып табылады.




**Дезинфекцияның түрлері. Дезинфекцияның әдістері.
Дезинфекциялық заттарға қойылатын талаптар.**

Дезинфекция – (француз тілінде des- теріс жалғауы және латын тілінде Infec – инфекция) – бұл адамды қоршаған ортадағы патогенді бактерияны, вирусты, риккетсилерді, қарапайымдыларды, саңырауқұлақтарды және олардың токсиндерін жою. Дезинфекцияның мақсаты зақымдалған объектілердегі (аурулардың бөліністері, бөліністерге арналған ыдыстар және тағамдар, киімдері, бөлме, тұрмыс заттары және т. б.). Инфекция қоздырғыштарын жою болып табылады.



Дезинфекциялық шаралар белгілі бір жұқпалы аурудың қоздырғыштарын жоюға арнайы бағытталған. Бұл кезде берілген инфекцияның қоздырғышының берілу механизмі, қоршаған ортаның зақымдалу мүмкіндігінің дәрежесі және басқа да эпидемиологиялық ерекшеліктері ескеріледі.

Атап айтар болсақ, тыныс жолдары инфекцияларының ошағында дезинфекция жүргізеді, паразитарлық сүзек ошағында – дезинсекция жүргізеді, ал ішек инфекциялары ошағында дезинфекциямен қатар дезинсекцияны да жүргізеді, ал зоноздар ошағында – дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізіледі.





Дезинфекцияны жүргізу үшін білу қажет:

1. залалсыздандыруға не жатады
2. дезинфекция қай уақытта жүргізілуі қажет
3. оны немен жүргізеді
4. оны қалай іс жүзіне асырады.



Дезинфекция 2 түрге бөлінеді:



Ошақтық дезинфекция – инфекцияның берілуінің қай сатысында жүргізілуіне байланысты: қорытынды және күнделікті дезинфекция болып бөлінеді. Қорытынды дезинфекцияны (көбінесе бір рет) инфекция қоздырғышының көзі жойылғаннан кейін (госпитализация, сауығу, көшіп кету, өлім) ошақта жүргізіледі. Қорытынды дезинфекцияның мақсаты – ошақта берілу факторына жүргізілген күнделікті дезинфекциядан қалған қоздырғыштарды жою болып табылады.

Профилактикалық дезинфекция – инфекция қоздырғышының көзі анықталмаған, бірақта қоздырғыштардың сыртқы ортада жинақталу мүмкіндігі болған кезде жүргізіледі.

Профилактикалық дезинфекция – жұқпалы ауру болуы мүмкін немесе ол сау адамдар арасында, тек анықталмаған (аурудың созылмалы формасы бар тасымалдаушысы, өз ауруын жасырады және басқада жағдайлар) деген болжамдармен жүргізіледі.



Қорытынды

Бұрынғы көз қарас бойынша патогенді микроорганизмдердің әр түрінің сақталуы мен өмір сүруінің негізгі қоршаған орта болған, оны инфекция көзі деп санаған. Көп уақытқа дейін дезинфекцияның көмегімен инфекция ошағын жоюға болады деген қате ой түзілді. Біздің біліміміздің қазіргі уақыттағы деңгейінде дезинфекцияның маңызы мен ролін түсіну үшін, сау адамдардың жұқтыруы көптеген жағдайда ауру адаммен қатынаста болғанда жұғады және қоршаған ортаның көптеген құралдары арқылы (бұған инфекция тасымалдаушының бөліністері және онымен зақымдалған құралдар жатады) жұғатынын айта кету қажет.

